



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ауыл тынысы

Жаңадария – жарқын жобалар мекені

Қазір шүкір, ауданға қарасты ауылдардың дамуы көшілгері. Ауылдағы ағайынның кәсіппен айналысуына қолдау білдіретін қайтарымсыз грант, «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі» сынды жобалар елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму динамикасын көтеруде. Мемлекеттік бағдарламалар мен жаңа жобалардың нәтижесінде ауылдағы тыныс-тіршіліктің күретамирына қан жүріп, көркейе түсті. Сондай жарқын жобалар қолға алынып жатқан ауылдың бірі – Жаңадария.

Сәрсенбіде аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жаңадария ауылына барып, халықпен кездесті. Алдымен ауданда атқарылған жұмыстарды, алдағы мақсат-міндеттерді тілге тиек еткен Ардақ Әбдіғаппарұлы ауылдағы ағайынның талап-тілегіне құлақ түрді.



Кешегі кездесуде ауылдағы ағайын ішкі көшелердің сапасының сын көтермейтінін назарға салып, шешімін табуына жұмыс жасапса деген талап-тілегін жеткізді.

Ауылдағы ішкі көшелердің бүгінгі жайы аудан басшысының назарында екен. Нақтырақ айтсақ, биыл елді мекеннің 4 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар.

– Мемлекет басшысының, Үкіметтің, облыс әкімінің қолдауымен елді мекендерде жол құрылысы қарқын алып, халыққа қажетті әлеуметтік нысандар жаңаруда. Өткен жылы өздеріңізбен кездескенде көшелерге асфальт төсеу қажеттігі жөнінде ұсыныс білдірдіңіздер. Ауыл халқының ұсынысына сәйкес, аймақ басшысының қолдауымен биыл ауылшілік көшелерге күрделі жөндеу жұмыстарын бастауды жоспарлап отырмыз. Біз үшін халықтың ұсыныс-пікірі маңызды, – деді аудан әкімі А.Ибраимов.

Айта кетейік, өткен жылы ауылдық округтегі №203 орта мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстары мен қоқыс полигонының құрылысы жүргізілді. Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында елді мекенді абаттандыру, көркейту-кеңалдандыру жұмыстары жүргізіліп, ауылға кіреберіс

көшелерге бейнебақылау камералары орнатылды.

Жаңадария жұрты – еңбекқорлығымен көпке үлгі. Осыған дейін елдің бақша салуына аяқсу тапшылығының кедергі келтіріп отырғанын осындағы шаруа адамдары айтып жүрді. Қазіргі таңда бұл мәселе толықтай шешімін тапқан, ауылдағы шаруа адамдары жыл сайын нәтижелі еңбек етіп, бақша өнімдерін баптап, өнімін нарыққа шығаруда. Жәрмеңкенің сәні де осы ауылдың шаруалары өккен қауын-қарбыз өккені рас. Былтырдың өзінде ауылдағы шаруа адамдары 180 гектарға бақша өнімдерін өкті. Биыл да жаңадариялық шаруалар бау-бақша өнімінің көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

«Ауылды дамытуды үнемі назарда ұстап отырмыз, бастысы, елдің тілегіне құлақ түру, сол арқылы ауыл халқының тұрмысын жақсарту» деген Ардақ Ибраимов Жаңадарияда жарқын жобалардың жалғасын табатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ шалғайдағы елді мекенді толық аралап шығып, барлық атқарылған жұмыспен танысты, алдағы жобалар бойынша тапсырма берді. Бастысы, халық риза.

ЖАРЫН



Иә, шалғайдағы Жаңадария ауылында бүгінде шаруа шираған. Ауылдағы ағайынның негізгі тіршілік көзі егін және мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Қазір елдің өрісі ке-

ңейіп, кәсіпті нәсіп еткендердің қатары артқан. Содан болар, бүгінде ауылда жұмыссыздық деңгейі төмен.

Жол сапасына келсек, бүгінге дейін ауылға кіреберіс, сондай-ақ Аламекек пен Жаңадарияны жалғайтын жол асфальтталды.

Сапар

Жұмысшы мамандықтар дәріптелді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Осыған орай бүгінде елдегі кәсіптік білім беру саласын реформалау, қоғамда жұмысшы мамандықтардың маңызын арттыру жұмыстары қызу басталып кетті. Жалпы жұмысшы мамандар деп кәсіби білім алған, өз мамандығын терең меңгеріп, дағдыланған азаматтарды айтамыз. Мәселен, арнайы кәсіби білім алмайынша кез келген адам дөнекерлеуші, механизатор, құрылысшы секілді мамандық иесі бола алмайды. Сондықтан әсіресе мектеп оқушыларына жұмысшы мамандықтарды дәріптеу маңызды.

Бүгінде жастарды жұмысшы мамандықтарына оқытуда мәселе бары жасырын емес. Сондай-ақ кейбір салада жұмысшы мамандардың аздығы қатты байқалады. Мәселен, ауылдағы кейбір шаруа қожалықтар механизатор, агроном, сушы секілді мамандықтарға жастардың қызығушылығы аздығын, яғни олардың қалаға көшуді жөн көретінін жие айтады.

Осы орайда «Жұмысшы күні» жалпы республикалық жобасы аясында мектеп оқушылары өңірдегі ірі кәсіпорындар мен шаруа қожалықтарға атбасын бұрды. Нақтырақ тоқталсақ, оқушылар «Байтабын» ЖШС, «Тәтті өлемі» цехы, «Таң ЛТД» ЖШС, «Ер әлі» ЖШС, «Мираж» ЖШС, «Бақ-дәулет» ЖШС-на экскурсия жасап, өндіріс орындарының ішкі жұмысымен толық танысты. Сондай-ақ сондағы мамандармен сұхбат құрып, қалаған

сұрақтарына жауап алды.

– Жапония сынды дамыған елдерде баланы балабақшадан еңбекке баулиды. Сол арқылы бала мектепте өзінің келешек кәсіби бағытын таңдайды. Шыны керек, мектепті бітірген түлектердің көпшілігі жұмысшы мамандығы бойынша жұмысқа барғысы келмейді. Мысалы, дөнекерлеуші, механизатор, агроном, ағаш шебері, құрылысшы сынды мамандықтарды игергісі келетін жастардың қатары аз. Осы олқылықтарды жою мақсатында №118 мектеп директорының бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасарының ұйымдастыруымен оқушыларды аудандағы ірі өндіріс орындарына арнайы экскурсия жасатып, жұмысшылардың тәжірибесімен таныстық. Шара мектептің білім беру жүйесінің практикалық бағытын күшейтуге және оқушылардың болашақ мамандығын таңдауға септігін



тигізеді. Жалпы өндірістік оқыту сабақтарын өткізіп, жас мамандарды тәрбиелеу ісіне аса мән берудеміз, – дейді №118 мектеп мұғалімі, экскурсия жетекшісі Дәулет Қасымхан.

Айта кетейік, былтыр Таңдағы алтын ұядан 10 оқушы түлеп, оның 9-ы ҰБТ-ға қатысқан. Қуантарлығы, бар-

лығы еліміздегі маңдайалды оқу орындарынан білім грантын жеңіп алған. Биыл мектепті 17 оқушы бітіреді. Бітіруші түлектердің басым бөлігі жаратылыстану-математика бағытын таңдаған.

Жалғасы 3-бетте

Еңбек адамы



Жанар Сейтгова, мейіргер:

ҚАТЕРЛІ ІСІКПЕН КҮРЕСТІ ТОҚТАТПАЙ, ЖЕҢҮ КЕРЕК

«Ақ халатты абзал жан – адам жанының арашасы» деп жатамыз. Себебі олар адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, дертіне дауа табады. Мақаламызға арқау болған Жанар Сейтгова 1999 жылдан бері аудандық аурухананың онкология кабинетінің мейіргері болып жұмыс істейді.

Жоғары санатты мейіргер бұл мамандыққа ең алдымен ата-анасының айтуымен, кейін өз жүрек қалауымен келген. Кейіпкеріміз алғашқы еңбек жолын Бұқарбай батыр ауылындағы емханада кезекші мейіргер болып бастап, ауылдағы ағайынның саулығына септігін тигізген. 30 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман қазіргі таңда қатерлі ісік аурулары көбейіп жатқанын айтады. Сөзіне сүйенсек, сырқат жас-көріні таңдап жатқан жоқ. Әйелдерде сүт безі, тері қатерлі ісігі көбейген. Бұл сырқатқа шалдыққандардың ең жасы 25-те. Сүт безі сырқатының алдын алу үшін кейіпкеріміз жүкті аналар мен жаңа босанған аналарды күйзеліске түспеуге шақырды.

Онкологиялық аурулардың көшін бастап тұрған кеселдің тағы бір түрі – тік ішек кеселі. Дерттің бұл түрі әйелдер мен ерлерде де жиі кездеседі. Әсіресе егде жастағылардың арасында көп. Сонымен қатар ер адамдарда ішек аурулары, тоқішек аурулары да көбейген. Кейіпкеріміз аталған сырқат түрлерінің алдын алу үшін тұрғындарға уақытылы дерігердің қабылдауында болып, скринингтік тексеруден қашпауға кеңес берді.

Ол саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласымен ұштастырып, халыққа көмек көрсетуде аудан тұрғындарының алғысына бөленіп жүр. Алдына келген науқасты тексеріп қана қоймай, олардың сырқаттан толыққанды айығуы үшін арнайы порталмен ауруханаға жатқызып, аяққа тік тұруын басты назарда ұстайды.

– Қатерлі ісіктің қай кезеңінде болсын, оның ішінде III және IV сатысында да аурумен күресу керек. Кей науқастар «қатерлі ісік» деген атынан шошып, емханаға келмей қашып жүреді. Денсаулыққа ең алдымен ер адам өзі жауапты. Қатерлі ісіктен толық айығуға болады. ол үшін дәрігер ұсынған талдаулардан уақытылы өтіп, қорықпай қаралып тұру қажет. Сырқат I және II сатысында анықталып, жазылып шыққандар көп. Алайда сырқатын елемей, асқындырып алғандарда жоқ емес. Олардың бірі жұмыстан, өнді бірі бала-шағасынан босамайтынын айтып, денсаулығына немқұрайлы қарайды, – дейді Жанар Сисенбайқызы.

Осы ретте білікті маман қазақы емге баратын науқастардың көптігін де тілге тиек етті. Айтуынша, қазақы ем онкологиялық аурудың ешбір түрін емдемейді. Сондықтан ол тұрғындарға қазақы емнің көмегіне жүгінбей, дәрігерге уақытылы қаралуды қаперге салды. Сырқат адамдардың иммунитеті әлсірегенде пайда болады. Бұл ауруды болдырмаудың бірден бір жолы – салауатты өмір салтын ұстанып, құнарлы тағамдармен қоректену.

Бүгінде мұнда түрлі сырқатпен есепте тұрған 256 науқас бар. Оларға тегін дәрі-дәрмек уақытылы таратылуда. Жалпы қатерлі ісіктің бір ерекшелігі адам ағзасында білінбей басталады. Тіпті адам өзі сырқатқа қалай, қашан тап болғанын білмей қалады. Бұл дерттің ең жаман тұсы басқа ағзаларға шабуыл жасап, зақымдайды.

– Қазіргі таңда ауданда онкологияның жағдайы ауыр науқастарға арналған бөлімі бар. Мұнда жағдайы ауыр, сырқаттың IV сатысында ем алып жатқан науқастар жатыр. Оның ішінде науқастардың басым көпшілігі өкпе қатерлі ісігі, асқазан, ішек, қалқанша без қатерлі ісігімен ем алуға. Ауданда 2 төсек орын және Сырдария ауданында аудан тұрғындарына арналған 50 төсек орын бар. Оған науқастарды портал арқылы жіберіп, ем қабылдатамыз, – дейді білікті маман.

Жыл басынан бері мұнда 411 науқас келіп қаралса, оның 145-і алғаш рет көрінген. Оның ішінде 7 науқастан сырқаттың I мен II-ші сатысы анықталса, 2 науқастан сырқаттың асқыну белгілері анықталған.

Кейіпкеріміз бар білім-біліктілігін науқастардың айығуына арнайды. Ол аурудың алдын алуға, ерте сатысында анықтап, науқастардың жазылып кетуіне бар күш-жігерін салып келеді. Дерт дендемесін десек, дәрігердің айтқанына құлақ түріп, уақытылы қаралуды естен шығармағанымыз жөн.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Нәтиже

Спортпен шұғылдануға жағдай жасалған

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайа Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде бұқаралық спортты дамытуға баса мән беру керектігін айтты. Сондай-ақ спорт саласында туындаған кейбір мәселелерді де айналып өтпеді. Өз сөзінде Мемлекет басшысы жасөпірімдер арасында спортты дамыту ісіне ерекше мән беріп, аймақтарда спорт алаңдарын салуды қолға алу керектігін мәлімдеді. «Әр облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Оның орындалуын тексереміз. Сонда ғана біз бүкіл әлемге танымал әрі әлеуметтік, бұқаралық спорт саналатын осы ойынды жаңа деңгейге көтере аламыз» – деді Мемлекет басшысы.



Осы орайда «Атапат» партиясы Жалағаш аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы мемлекеттік органдармен бірлесіп, аудан аумағындағы спорт нысандарына мониторинг жүргізді. Мониторинг

барысында спорт нысандарының жағдайы, қолжетімділігі мен санитарлық талаптарға сәйкестілігі тексерілді. Бұл жұмыс тұрғындарға қолайлы жағдай жасап, салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған.

– Білімді, дені сау ұрпақ – елдің ең қымбат байлығы. Олай болса, балалар мен жасөспірімдердің өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау – біздің міндетіміз. Қазір адамдар спортпен айналысу баланың денсаулығына да, тәрбиесіне де пайдалы екенін жақсы түсінеді. Күнделікті спортзалға келетін жеткіншектер түрлі жаман әдеттерден аулақ болып, ерік-жігері мен табандылығын шыңдайды. Болашақта мұндай балалар қиындыққа төзімді, тек қана алға ұмтылатын азамат болып өседі. Сол себепті ата-аналардың да, балалардың да ықыласы күшті. Сондықтан олардың алаңсыз өрі қауіпсіз жаттығуына барлық жағдай жасауымыз керек. Алдағы уақытта спорт нысандарына мониторинг жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі, – деді партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева.

Жалағашта бұқаралық спортты дамытуға ерекше ден қойылууда. Наурызда аудан орталығында жаңадан спорт көшені ел игілігіне берілді. Қазіргі

таңда су жаңа нысанда балалар салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға мүмкіндік алуда. Сондай-ақ мұнда таэквондо футбол, волейбол, баскетбол секілді спорт үйірмелері ашылған. Елді мекендегі 900-ге жуық жасөспірім күнделікті спортпен шұғылданып, шеберліктерін шыңдауда. Ал үйірмеге қатысушыларға халықаралық жарыстарда жетістікке жеткен білікті мамандар тәлім беруде.

Бастысы, ғимарат толықтай спорттық құрал-жабдықтармен қамтылған. Кешенде заман талабына сай әмбебап ойын залы бар. Мұнда жас спортшылар волейбол, футбол ойнайды. Мұнан бөлек Аққыр ауылында жабық спорт алаңы салынып жатыр. Қазіргі таңда нысанның құрылысы аяқталуға жақын. Спорт нысанының құрылыс барысын аудан әкімі тікелей бақылауына алған. Жуық арада іске қосу көзделуде. Әрине, мұндай жарқын жобалар бұқаралық спортқа бет бұрған жастардың санын одан әрі көбейте түспек.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Таным

Қазақ Ұлы Отан соғысына дейін де небір қиын кезеңді басынан өткерді. Аққұм ауылының абыз ақсақалы Байділдә Сәрсенов ол кезеңге көз жүгіртсе, көкірегі сыздайды. Себебі балалық шағы сол қиын күндермен тұспа-тұс келген. Ол кезде Аққұм «Көкжиде» деп аталған. Кейін соғыс басталғанда Байділдәнің әкесі майданға аттанады. Ал анасы тылда еңбек еткен. Осылайша ойын баласы ауылдағы әжесінің қолында қалыпты.

Сөзінше, ауылдағы ағайынның тұрмысын түзеп, елді мекеннің өңсе тіктейіне сол тұста Алтынбек Тасыров деген азамат үлкен еңбек сіңірген. Аппал азамат дүниеден өткенше көкжиделіктер оның есімін естисе, ішкен асын жерге қояды екен. Әркімнің өз отбасын асырауы қиынға соққан шақта тұтас бір ауылдың болашағына алаңдаған азамат кім? Осы сауалдың түйінін тарқатуға асыққасын ба, сұхбатымызды Алтыкеңнің саналы ғұмырына бұрдық.

Байділдә ағамыз ақылы асқан азаматтың қарім-қабілетін туған жердің түлеуіне жұмсағанын жоғары бағалайды. Себебі ол тұста ауқаттылардың, шөнділердің басым бөлігі қарабастың қамын күйттеген көрінеді. Ал Алтынбек Тасыров Кеңес үкіметіне дейін де, одан кейін де осы ауылдың болашағына алаңдап жүріпті.

Иә, ол оған дейін де сол тұстағы «Жалпас» ауылында аумақтық басшы болыпты. Қарамағында 15-тей елді мекен болған. Барлығына бірдей жағдай жасап, ондағы әрбір тұрғынның болашағына бейжай қарамапты. Үлкендерден ерлік істерін, азаматтығын естігені болмаса, бала Байділдә Алтыкеңді оған дейін көрмеген. Бірақ қалың бұқара бекерден-бекер оны құрметтемесі анық. Байділдә ағамыздың да бала кезінде оның есімін ерекше құрметтейтіні сондықтан.

Алтыкең ауылға келгенде Байділдә Сәрсенов небәрі 5-6 жаста екен. «Жалпас» ауылында құрметке бөленген Алтынбек Тасыров туған жеріне демалысқа келген көрінеді.

Бүгінгі абыз ақсақал Алтынбек ағамыздың сол кездегі жақсылығын әлі ұмытпаған. Әкесі майдан даласында жауға қарсы соғысқа аттанған, анасы тылда еңбек етуде. Әжесінің немерені аяққа тұрғызбақ түгілі өз-өзін ерең алып жүрген кезі. Не керек, осы қиындықты

Өмір жолы өнеге



көрген ауылдастары Байділдәні балалар үйіне беруге келіседі. Бірақ бұл шешімге кеше ғана ауылға келген Алтыкең қарсы болыпты.

– Жалғыз көкжиделіктер ғана емес, тұтас қазақ жұртының көрмеген қиындығы жоқ. Рас, ер бала жүре жетілер. Бірақ бұл әкесінің ізін басар жалғыз тұяқ қой, алда-жалда ол жақта бірдеңе болып қалса, тұтас бір отбасының ғұмыры тоқтайды. Сондықтан бала елде қалсын, – дейді.

Бұған дейін де бұл төңіректе беделі артып, білгі төмендемеген аппал азаматтың сөзіне халық бірауыздан тоқтайды. Бірақ оны Кеңес үкіметі құптамасы анық. Одан бұрын жандарымына мұны жарытып айтар жан таппайды. Не керек, Алтыкең «таң атқанша бір амалын табармын» деп сол жерде көпшілікпен тарқасады.

Тұсауа баланы алып көтпекке үш аттылы адам келіпті. Алайда Алтынбек Тасыров «Байділдә бақилық болды» деп келгендерге жеткізеді және оған сендіреді. Орталықтан келгендердің нанатындай жөні бар, себебі сол тұтса балалар арасында ауру өршіген еді. Осылайша ол бір отбасының ізін жалғайтын жалғыз ұлды аман алып қалып, тағы да жұртының алдында үлкен құрметке бөленген болатын.

– Ел жұтаң болды, ағайынды әкем мен оның ағасы майданға аттанды, ол үйден сегіз бала, біздің үйден мен ауылда қалдық. Халық іштерге ас ерең табатын, балалар арасында ауру көбейді. Әлгі сегіз баланың екеуі бір күнде сүзектен қайтыс болды. Мұндай жағдай тек біздің ғана отбасымызда емес, барлық үйде орын алып жатты. Осының барлығына Алтынбек көкеміз бас қатырып, бірдей

алаңдайтын. Ауыл шетінде мал ұстап, бізге ағарған үлестіретін. Ауылда одан да үлкен ақсақалдар болды, бірақ соның барлығы алқалы жиындарда Алтыкеңнің бірауыз шешіміне тоқтайтын. Неге? Себебі оның қай істі де ақылға салып, нәтижелі шешім шығаратынын біледі, оған сенім артады. Алтынбек ағамыз да сол қалың бұқараның сеніміне селкеу түсірмеді, – дейді Байділдә ағамыз.

Абыз ақсақалдың сөзінше, ол өте ауыр кезең болған. Ел барынша жұтаған, киер киімді былай қойғанда жұрт іштерге ас таппайтын шақ екен. Сол тұста Алтынбек Тасыров халықты еңбекке үйістырып, елді аман алып қалудың қамын жасайды. Егінмен қыстық азығын қамдайды, бірақ жаздай тағы азық керек. Алтыкеңнің бастамасымен жұрт «Шіркейлі» қаналына кермеше тартып, балықты талғажау етіп, жандарын аман алып қалыпты.

Соғыс жылдарынан бұрын қазақ жерінде бір рет жұт болып, бір мәрте ашаршылық болған. Бұл жайында Байділдә ақсақал «Замана қасіреті» деген кітапта толық баяндайды. Ол кезде де Алтынбек Тасыровтың елге үлкен еңбегі сіңіпті.

Иә, ол дүниені адалынан жиды, бірақ оның өзі қарабастың қамы емес, тұтас елдің ертеңі үшін еді. Неге десеңіз, көмпескенің кезінде бүкіл жиган табысын өкіметке өткізбей Алтынбек Тасыров аман алып қалады. Қиын-қыстау шақта соның барлығын халқымен бөлісіп, ауылдағы 40-50 отбасын аштықтан арашалайды. Қай үйде баланың жылаған дауысы шыкса, сол отбасының жағдайын жасап, алғысын алған екен. Барлығы жетіп тұрған мына заманда қазір біреу біреудің жағдайына бас қа-



Суретте Ерлы Алтынбекұлы

тырмайды, ал қиын шақта осындай өнегелі ісімен елдің есінде қалған қарияның бұл ісі көпке үлгі болары анық.

Қыздарынан бөлек Алтынбек Тасыровтың Ерлы деген жалғыз ұлы болған. Әкесінің ізін басқан аппал азамат та елдің ертеңіне еңбек етіпті. Тіпті аймақтағы бірнеше су саласындағы құрылыс нысандарында оның қолтаңбасы бар.

Қазір Сыр елі – күрішпен аты шыққан өңір. Бірақ өнімнің бұл түрін алғаш елге Қарақалпақстаннан әкелген осы Ерлы ағамыз екенін бірі білсе, енді бірі біле бермейді. Тіпті Қарақалпақстандағы орталық музейде ол кісінің еңбегі жайында үлкен деректер бар көрінеді.

Кезінде бұра шайнаған атақты ақын Зейнолла Шүкүровті де аман алып қалған осы Ерлы ағамыз екен. Ақынның ем-домына жәрдем берген көпшілі кісінің бұл жақсылығын Зейнолла Шүкүров те өз шығармаларына арқау еткен болатын. Тіпті ақынның көзі тірісінде туған жері Арал ауданынан Ерлы Тасыровка бір көшені аты беріледі.

Тұтас өмірін елдің ертеңіне арнады, осы жолда қажырлы еңбек етті. Қолындағы бар байлығын жұртымен бөлісіп, айналасын да жақсылыққа, ізгілікке баулады. Отбасында 4 қыз 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Ұлы Ерлы да еке жолын жалғап, елдің ертеңіне еңбек етті. Сымбат деген қызынан туған немересі бүгінде Аманкелді ауылында тұрады. Ұл-қыздарын да ізгілікке баулыған өнегелі өмір иесі саналы ғұмырымен ескелең ұрпаққа үлгі болды. Бір сөзбен айтқанда, «кең болсаң, көм болайтының». Алтынбек Тасыровтың өнегелі өмір жолына үңілген аз келген жан түсінеді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Тағзым



Ерлік дәріптелген күн

1995 жылдың 7 сәуірі ел тарихында атаулы күндердің бірі болды. Ел үшін кеудені оққа тосқан қазақстандық жауынгерлер тәжік-ауған шекарасында айбынды ерліктің, қайтпас қайсарлық, батылдықтың ерен үлгісін көрсетті. Өткен ғасырдың көлеңкелі саясатының ызғары, сол бір сұрапыл жылдар ұмытылған жоқ.

Апта басында 7 сәуір – Ерлік күніне орай тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған шаралар ләгі «Тағзым» алаңында басталды. Оған аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, бірқатар ел ағасы, тәжік-ауған соғысына қатысқан ардагерлер мен олардың ұрпақтары қатысты. «Тағзым» алаңына жиылған жұрт алдымен қаза тапқан қазақ жауынгерлерінің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, олардың рухына құран бағыштап, бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мұнан соң майдангер ағаларымыз «Руханият» орталығының тыныс-тіршілігімен танысты. Тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған шара Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбеттің төрағалығымен өткен кездесумен жалғасты.

– 1995 жылдың 7 сәуірі ерекше атаулы күннің бірі болды. Ел үшін кеудені оққа тосқан қазақстандық жауынгерлер тәжік-ауған шекарасында айбынды ерліктің не екенін дәлелдеді. Қайтпас қайсарлық, батылдықтың ерен үлгісін көрсетті. Оларды ұмытпау, ерліктерін ұлықтау – біздің мақсатымыз, – деді аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы.

Жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев, тәжік-ауған соғысының ардагері Құрманбек Ысқақов Отан алдындағы міндетін адал атқарып, патриоттық парызын өтеп қайтқан қазақ жауынгерлерінің есімі ел жадынан өшпейтінін жеткізді. Сондай-ақ тәжік-ауған соғысының ардагерлеріне аудан әкімінің алғысы табысталды.

– Сіздер қазақ деген халықтың текті ұлдары екендеріңізді, сертке берік, ел дәстүріне адал екендеріңізді сол тәжік-ауған шекарасында дәлелдедіңіздер. Сондықтан сіздерге бүгінгі күні қандай құрмет көрсетілсе де жарасады. Сіздердің ерлік істеріңіз қандай құрметке де лайық, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Иә, өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесу – үлкен мәртебе. Кешегі жиында ардагерлер орынды ұсыныстар айтып, бұған дейін өздері көтерген бірқатар мәселе оң шешімін тапқанын жеткізді. Мұнан кейін жергілікті өнерпаз Бүркіт Алпамысұлы әннен шашу шашып, туған жер тақырыбында және патриоттық әндер шырқап, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ерлік өлмейді, замандарға жалғаса береді. Отан алдындағы міндетін адал атқарып, кеудесін оққа тосып, жанқиярлық ерлік көрсетіп, патриоттық парызын өтеп қайтқан қазақ жауынгерлері алдында келер ұрпақ бас иіп, құрмет көрсетеді. Жат елде қазақ халқының ар-ожданын, ерлігі мен намысын айдай әлемге паш еткен олардың ерлігі қашанда өнеге болмақ.

Дәл осы күні тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған оқушылар арасында тоғызқұмалақтан жарыс өтті. Ой мен қабілет қатар сыналатын жарыста 40-қа жуық оқушы бақ сынады. Жарыс нәтижесі бойынша командалық есепте І орынды Ақсу ауылдық округіндегі №116 орта мектептің оқушылары жеңіп алды. Ал келесі орынға Аққұм ауылдық округіндегі А.Бисенов атындағы №38 орта мектептің оқушылары тұрақтаса, «Наркескен» спорт клубының жас спортшылары үздік үштікті түйіндеді. Жеңімпаз командаларға арнайы кубоктар мен алғыс хаттар, үздік ойын көрсеткен спортшыларға номинациялар табысталды.

Гүлсезім АУҒАН,
Қорқыт ата атындағы
ҚҰ-дың 4-курс студенті



Жұмысшы мамандықтар дәріптелді



– Маған бүгінгі өндіріс орындарына сапарымыз қатты ұнады. Әрине, болашақта «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сұрақ мені де мазалайды. Бүгін қарапайым жұмысшы мамандықтардың қыр-сырымен таныстық. Аграном, механизатор, дөңкерлеуші сынды мамандықтардың біздің қоғам үшін пайдасы мол екенін түсіндім. Табастары да жақсы екен. Болашақта ел экономикасын өрге сүйрейтін маман болғым келеді. Сондықтан мектепте сапалы білім алуға ұмтыламын, – дейді оқушы Сұңғат Досжанов.

Әсіресе оқушылар күріш зауытындағы, алмабақтағы жұмыс процестерінен ерекше әсер алыпты. Зауыттардағы зәулім техникалар ер баланың назарын аудармаса, ал ас-

пазшылардың дәмді тағамдарына қыздар жағы тәнті болды. Осылайша «Оңай жерде олжа жоқ, қиындыққа адал еңбекпен төтеп бермей, жұмысшының жемісін көре алмайсың» деген тәмісін түсінген оқушылар болашақ мамандығына бағдар жасады. Бастысы, олардың жұмысшы мамандықтар әлеміне өнуіне және инженерлік-техникалық мамандықтардың ел дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін түсінуіне мүмкіндік берді.

Иә, ауылдағы қарапайым еңбекті дәріптемей жастарды осындай қарапайым жұмысшы мамандықтарына тарту қиын. Сондықтан мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Ж.АРЫН
Басы 1-бетте

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер Тоқтаров Аділ Тоқтарұлының 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы 1978 жылы 17 шілдеде Жалағаш ауданы М.Шаменов ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 2004 жылдың қарашасында Жалағаш аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде автокөлік жүргізушісі болып бастаған. 2007-2021 жылдары Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде есепші болып жұмыс жасаған. 2021 жылдың 27 шілдесінен бастап Қаракеткен ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқарып келеді. Отбасылы, жұбайы екеуі 2 ұл тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Ауылды дамыту жолында қызмет ету – әр азаматтың перзентік парызы. Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында халықтың мүддесін бөрінен жоғары қоямын. 2029 жылға дейін ауылдық округтегі сапасын көтермейтін ішкі жолдарды жөндеуге атсалысатын боламын.

2026-2027 жылдары жарықтандыру мәселесіне басымдық беріп, кіреберіс автомобиль жолына жарықтандыру жүргізілетін болады. Сонымен қатар Далдабай елді мекеніндегі ішкі көшелерге жарықтандыру мәселесі шешімін табатын болады.

2026 жылы ауыл тұрғындары толығымен көгілдір отынға қосылатын болады.

Ауыл тұрғындарына көшкі уақытта демалатын демалыс орындары мен ойын алаңдарын салуға және жаңа ауылдық клуб құрылысын бастауға ықпал жасаймын.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде оқытуға, несиелер және грант алуға жәрдемдесемін. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын.

Ауыл тұрғындарымен бірлесіп отырып жылжымайтын мүліктерін ашуға және тұрғындардың пайдалануына өз көмегімді тігіземін.

Ауыл тазалығы – халық айнасы. Ауылдық округті жасыл желекке айналдыру мақсатында абаттандыру жұмыстарын жүргізуге күш саламын.

Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу

мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етемін.

Жастарды қолдау да басты назарда болады. Жастарды кәсіпке баулу мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде грант, төмен пайызбен несиелер алып, кәсібін бастауға ықпал етемін.

Ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды басты назарда ұстауға бар күшімді саламын. Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы сіздердің қолдауларыңызбен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Сондықтан мен ауылымыздың озық өңірлердің үнемі алдында тұруы үшін жерлестерімді мені қолдауға шақырамын.

Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімдеріңізді ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімді алға қоямын. Халыққа қызмет көрсетуді өзімнің азаматтық борышым деп білемін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер Ерсултанов Ақтан Еңбекұлының 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Ерсултанов Ақтан Еңбекұлы 1992 жылы 24 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

Ұлты – қазақ, Білімі – жоғары. Еңбек жолын 2012 жылы «Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде салықшы болып бастаған.

Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратында 2017-2023 жылдары жетекші маман болған.

2023 жылдың 7 тамызынан бастап бас маман қызметін атқарады. Отбасылы, жұбайы екеуі 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Бұл жолы мақсат-міндеттеріміз ауқымы жоғары. Себебі оның бәрі тек өміріміз үшін ғана емес, тұтас бір елді мекеннің болашағы, ондағы тұрғындардың келешегіне негізделетін жақсы білемін. Бір елді мекеннің бірнеше жылдық болашағы менің қарым-қабілетіме, алдағы мақсат-міндетіме тікелей байланысты. Сондықтан алдағы уақытта Қаракеткен ауылдық округі әкімі қызметіне сайлансам, елді мекеннің гүлденіп

өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайының дамуына зор үлесімді қосамын.

1. Ауылда алдымен инфрақұрылымға басымдық беріп, бірінші кезекте жол сапасын жақсартуға көңіл бөлу керек. Рас, бұған дейін ауылда ішкі көшелерге асфальт төселген. Десе де басқа да мұндай жұмыстарды қажет ететін көшелер бар. Алдағы уақытта жол сапасына мән беріп, осы мәселелерді кезек-кезекпен шешуге күш саламын.

2. Бұрынғыдай елдің бақша салуына айтарлықтай мәселелер тұсау болып отыр. Сондықтан алдағы уақытта ауылдағы аяқсу мәселесін шешіп, елді мекен жұртының бақша салуына бар жағдайды жасаймын.

3. Елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аударып, әрбір отбасының мұң-мұқтажы мен ұсыныс-пікіріне көңіл бөліп, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етемін.

4. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында жұмыссыздықты азайту үшін ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз гранттар және төмен пайызбен несиелер алуларына жұмыс жасап, шағын кәсіпкерлікті дамытуға күш саламын.

5. Ауылдық округте балалар тәрбиесіне, білім және денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласының дамуына ықпал етемін.

6. Бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын.

7. Ауылдық округте көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргіземін. Себебі тазалық болмаса, бөрі бөкер. Сондықтан алдағы уақытта елді мекеннің тазалығына күш саламын.

8. Ауылдық қоғамдастық жиыны мүшелері және ауыл ақсақалдарымен бірлесіп отырып, елді мекендегі мәселелердің оң шешілуіне жұмыс жасаймын.

9. Учаскелік полициямен бірге қоғамдық тәртіптің сақталуын, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

10. Бұл жұмыстардың барлығы халықтың қолдауымен, бірлігімен жүзеге асады. Сондықтан алдағы уақытта ауылдың ауызбіршілігін сақтап, елді бірлікке ұйыстырып, бірқатар мәселенің шешімін табуға жұмыс жасаймын.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлының 2025-2029 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлы 1993 жылы 12 маусымда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

Еңбек жолын 2013 жылдың тамызы айында аудандық құрылыс бөлімінде жасар практикасынан өтуден бастаған.

2014-2016 жылдары Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болған.

2016-2020 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас маманы болған.

2020 жылдан бастап Жалағаш ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, жұбайы екеуі 2 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Соңғы екі-үш жылда ауданымызға қарасты елді мекендерде жүйелі жұмыстар атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асуда. Мен алдағы саяси науқанға қатысу арқылы, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсартып, ауылдың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесімді қоссам деймін. Бұл саяси нау-

қан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Алдағы 4 жылда тұтас бір елді мекеннің болашағына жұмыс жасап, қарым-қабілетімнің арқасында бұл ауылдың екінші тынысын ашпақ ниеттемін.

1. Мен ең алдымен мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асыра отырып, әрбір отбасының ұсыныстары мен талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешімін табуына жұмыс жасаймын.

2. Сондай-ақ ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

3. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен тыныштығын басты назарда ұстай отырып, олардың көгілдір отын тұтынып, сапасы сын көтермейтін ішкі жолдардың күрделі жөндеуден өтуіне жұмыс жасаймын.

4. Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасай отырып, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалануы үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен, спортпен шұғылданыуына ықпал жасап, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартамын.

5. Жастар тәрбиесін де назардан тыс қалдырмай, учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасымен бірлесіп отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапкершілікпен қараймын.

6. «Диалогпен ауылға» бағдарламасы шеңберінде ауылға жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналауына жұмыс жасаймын.

7. Кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыруда ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелерге қол жеткізу арқылы іс бастауына көмектесемін. Атаған саланы дамыту арқылы ауылдағы жұмыссыздық мәселесіне тұсау қоямын.

8. Бірлік болмай тірлік болмайды. Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамамызға ортақ міндет. Сондықтан ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын.

9. Елді мекенде жүргізіліп жатқан саяси, мәдени-әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттап, ауыл халқымен бірлесіп отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуді негізгі міндетім деп біліп, халыққа адал қызмет етемін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Дәстүр

Көгентүп, жиенқұйрық

Бүгінде қазақтың ұмыт болған салт-дәстүрлері көп. Соның ішінде көгөнтүп, жиенқұйрық дегеннен қазіргі буынның хабары жоқ. Өйткені ол туралы отбасында, көпшілік арасында сөз қозғалмайды. Бірақ дәстүрді жаңғыртып отырған да дұрыс. Ол ата-бабамыздың бізге аманаты саналады. Ал енді бұл салттың тереңіне бойласақ, бұл рәсім тек қыздан туған жienдердің құрметіне жасалады. Ондағы мақсат – құдалар арасында жиеннің де қадірлі екенін көрсету.

Алыс жолға шыққан кезде ата-анасымен бірге еріп келген кішкентай балаға бұзау, құлын, қозы-лақ атайды. Бұл – көгөнтүп беру. Атаған көгөнтүбін кейін бермей кету дүниеқоңыздық саналған. Ал жиенқұйрық сол отбасына жиен болып келетін балаға жасалады. Яғни нағашы жұртына келген жиен баланы құда күткендей сыйлап, оның үш қалауын еш қарсылықсыз орындаған. Кейбір өңірлерде бұл салтты «Қырық серкеш» деп атаған.



«ЖК» ақпарат

Сайлаушылардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының Қаракеткен ауылдық округінің әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен

КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлы	Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Ігілік көшесі №8, Қызылорда облысы Жалағаш ауданы	18.04.2025 жыл	
2	Ерсултанов Ақтан Еңбекұлы	Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының ауылдық клубы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.		сағат 9:00
3	Тоқтаров Әділ Тоқтарұлы	Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №22, Қызылорда облысы Жалағаш ауданы	18.04.2025 жыл	
1	Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлы	Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №22, Қызылорда облысы Жалағаш ауданы		сағат 11:00
2	Ерсултанов Ақтан Еңбекұлы	Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының «Далдабай ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын ғимараты.		
3	Тоқтаров Әділ Тоқтарұлы			

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының хабарламасы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясымен Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округінің шекарасы шегінде Бұқарбай батыр ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі аудандық сайлау округі құрылды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 8-1-тармағына сәйкес және 113-1-бабы 1-тармағының 1) тармақшасының негізінде Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 9 сәуірдегі №АСК-24/110 қаулысымен Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылғы 18 мамырға тағайындалды.

Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына сәйкес, кандидаттарды ұсыну 2025 жылы 10 сәуірде басталады және 2025 жылы 22 сәуірде сағат 18.00-де аяқталады.

Кандидаттарды тіркеу кандидат барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және 2025 жылы 27 сәуірде сағат 18.00-де аяқталады.

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32, Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты.

Телефондары: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04, электронды поштасы: jalsay2019@mail.kz

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясының құрамы: Қалыбаев Шарабан Макусович – төраға, Доспанов Танаттар Сағалович – төраға орынбасары, Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы – хатшы, комиссия мүшелері: Баймөбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Құлұмбаева Асия Мырзабековна, Кенжеғара Ержас Темірханұлы.

№138 учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан мекен-жайы: Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының «Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты. Телефоны: 8 (724 31) 36-2-16

№138 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы: Ибраев Дәурен Сәбитұлы – төраға, Оразбек Мейірбек Оразбекұлы – төраға орынбасары, Ешмаханова Ақмарал Танкаевна – хатшы, комиссия мүшелері – Есқалиева Нұржайна Елсұңқызы, Жабағиев Абдысәдік Абилқасимович, Жубанова Шарайна Избасаровна, Садықова Надежда Мерғалиевна.

Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясы

Маман мерейі

Аналар алғысыын алған жан

Таң сәріден тілшілік тіршілікпен аудандық ауруханаға аялдадым. Бұл жолы бағытым перзентхана бөлімі болды. Мұндағы мақсатым – жас аналар мен жаңа туған нәрестелерді көріп, ақхалаттылардың жұмысымен танысу. Ем алушыларға зияным тимес үшін әдеттегідей халат пен бетперде тағып, бөлімге қарай бет алдым.

Бөлім меңгерушісі Әсел Жүсіпова жыл басынан бері 103 бала дүниеге келгенін айтты. Сондай-ақ қазіргі таңда мұнда 5 ана бар. Оның 3-еуі осыдан бірекі күн бұрын босанса, 2-еуі босануға дайындық үстінде. Соның бірі – Айбану Амандыққызы. Ол бүгінде 2-ші сәбиін босанбақ. Бөлім акушері Мөлдір Баймаханова ұрықтың кардиотокографиясына түсіріп, ана мен бала саулығына тағы да толық көз жеткізіп, кесір тілігі арқылы ота жасауға дайындау үстінде.

Айта кетейік, білікті маман Мөлдір Мұратқызының мұнда жұмыс істегеніне 20 жылға жуықтаған. Жүкті аналарға алғашқы жәрдем беріп, аман-сау сәбиін бауырына басуына тікелей себепші жанмен тілдесу үшін оның қолы босағанын күтуде тура келді. Араға бірнеше сағат салып бөлімге қайта табан тірегенімізде кейіпкеріміз жас аналардың бірінің аман-сау босағанын, екіншісінің отасы сәтті өткенін айтып, сүйіншiledі. Мұндағы мамандардың айтуынша, ананың да, баланың да денсаулығы жақсы.

– Әрине, біз үшін ана мен баланың аман-есен қауышуы – үлкен жеңіс. Ол үшін қолымыздан келген көмектің бәрін жасаймыз. Өзіңіз көргендей, бүгін бір тәулікте екі ана босанып, біреуінің баласына кіндік шеше атандым, – дейді Мөлдір Мұратқызы.

Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мамандық иесі болуды кейіпкеріміз бала күнінен армандаған. Айтуынша, ес білгелі кішкентай балаларға қарап, олармен уақытты тиімді өткізген ұнағандықтан, бүтін бір әулеттің қуанышын

еселеп, бақыт сыйлайтын бөлімде қызмет етуді таңдаған. Бүгінде бала арманын аяқасты етпей, салаға өз септігін тигізген кейіпкеріміз 1500-ден аса балаға кіндік шеше атанған. Баласын бауырына басқан аналар кейіпкерімізге алғаусыз алғысын айтып, қуанышты күндерінде төрін ұсынған. Ол осында босаңған әр ана өз жақын туысындай болып, тіпті көбісі балаларының туған күн, тұсаукесер тойларына қонаққа шақыратынын айтады. Осыдан-ақ кейіпкеріміздің өмір мен өлім арасында дәрменсіз жатқан қос бірдей жанның өміріне араша түсу арқылы көптің алғысына бөленіп жүрген жан екенін, мамандық таңдаудан қателеспегенін аңғардық. Бір күнде бірнеше келіншектің өмірге дені сау ұрпақ әкеліп, ана атануына себепкер болатын білікті маман уақытпен санаспайды.

– Қазіргі таңда жүкті әйелдер көбіне қан қысымы, қаназдық сынды аурулармен жиі ауырады. Бұдан бөлек ана көп қимылдамағандықтан, газды сусын мен фас-фуд өнімдерін көп тұтынғандықтан іштеп баланың салмағы өсіп, босану барысында қиындық туындайды. Кейде соның салдарынан жаңа босаңған аналарда қан тоқтамай, ота жасауға тура келеді. Бұндай жағдай орын алмас үшін үнемі аналарға уақытылы дәрігердің қабылдауына барып, қаназдық, қан қысымы сынды аурулармен күресіп, алдын алыңыз деп ескертіп жүреміз, – дейді білікті акушер.

Адамға өмір сыйлайтын құтты мекеңде шіліңгір шілденің ыстығы мен қақпаған қыстың аязына қарамай қызмет



ететін мамандардың қашанда еңбегі ерен. Білікті маман қызмет бабында кездескен қиындықтар мамандарды кәсіби шыңдай түсетінін айтады. Әрине, ана мен бала өміріне жауапты болу аны емес. Десе де бөлімге түскен аналардың қуанышына қуанып, ауыртпалығын қаймықпай көтеретін перзентхана бөлімі сәт сайын түрлі тағдыр иелерімен жолығады. Мұндағы әр минут санаулы әрі бағалы. Себебі

әр сәт қуанышқа, бақытқа толы.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін кейіпкеріміз әрбір ананың дені сау ұрпақты дүниеге әкеліп, отбасына аман-есен қауышқанынан артық бақыт жоқ деп біледі. Ол жұмыс барысында аналардың тек алғысын алып, оларға бақыт сыйлап қана қоймай, өз отбасында да 5 баланың бақытты анасы атанған.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Антына адал Ақмарал

Тұрғындардың тәулік бойы денсаулығын күзетуде медбикелер де қажырлы еңбек етуде. Антына адал абзал жандар әсіресе жұмыста жауапкершілік пен табандылықты ұдайы назарда ұстауы тиіс. Себебі алдына барған науқастың денсаулығы солардың қолында десек, артық айтқанымыз болмас. Бүгінгі кейіпкеріміз – денсаулық сақтау саласында 18 жыл тәжірибесі бар, әрбір жанның саулығына салғырт қарамай, күндіз-түні тынымсыз еңбек ететін білікті маман Ақмарал Бекишаева.

Кейіпкеріміздің анасы да мейіргер болған. Кішкентайынан қуыршақтарға науқас сөйледі қарап, оларға екіле салып ойнап өскен қыз анасының қасында жүріп мамандығының қыр-сырына қызыққан. Ол мектеп бітірер шақ таяп, мамандық таңдау уақыты келгенде ойланбастан медицина саласына тоқтағанын айтады. Кейіпкеріміз – қазіргі таңда бала арманын орындап, аудандық аурухананың қабылдау бөлімінде науқастардың алғысын алып жүрген абзал жан.

– Ес білгелі медициналық кітаптарды көп қарайтынмын. Терапия, микробиология, медициналық энциклопедия кітаптарын ашып қойып, жазуларын түсінбесем де, суреттері мені осы мамандыққа деген қызығушылығымды оятты. Кейін мектеп қабырғасында жүріп, үлкен өмірге қадам басар шақ таяғанда медбике боламын деген шешім қабылдадым. Әрине, бұл ойымды ата-анам да құптап, маған үлкен сенім артты. Бұл мамандықтың иесі болу – екінші бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ауырып алдына көмек сұрап келген науқасқа жәрдемдесіп, оның көз алдында жазылып кеткені әрине, қуаныш сыйлайды. Ол үшін көз келген дәрігердің бойында мамандығына деген адалдық пен табандылық болуы шарт. Ең бастысы, еңбекке қабілетті, қандай жағдай болса да дұрыс шешім қабылдай білетін білікті маман болуы керек, – дейді Ақмарал Әлімқызы.

Оның айтуынша, мұнда науқастар күндіз-түні түрлі сырқатпен келеді. Опардың басты міндеті – ауруы асқынғандарға шұғыл және жоспарлы түрде келген науқастарды ауруханаға орналастыру. Ересектер қан қысымы көтерілеп, жүрек ауруы сынды дертпен, артериялық гипертензиямен шағымданып келесі. Ал балалар көбіне тұмаумен келеді. Кейде алғашқы ем-шараны өткізгеннен кейін науқастың жағдайы жақсарып жатады. Оларды толықтай тексерістен өткізіп үйіне қайтарады. Кейде күніне 40 науқасқа дейін қабылдап, барлығына қажетті көмек көрсетеді. Қазірдің өзінде кейіпкеріміздің жұмыс уақытының басталғанына көп болмаса да 7 науқасқа көмек көрсетіп үлгерген. Кейіпкеріміз Ақмаралдың тәжірибелі маман екенін жаңа түскен науқаспен жылы сөйлесіп, бар жағдайды жіті түсіндіруінен аңғардық. Әлгі науқас қан қысымы жиі мазалайтынын айтқан соң кейіпкеріміз одан қажетті талдау жұмыстарын алып, дәрігердің нұсқауы бойынша ем-шараларды бастауға кірісті.

Екеуара диалог барысында білікті маман қазір балалар арасында тұмау мен іш өту, дәріден ұлану сынды сырқаттар жиі орын алатынын айтты. Сөзінше, кей балалар үйде тұрған әртүрлі дәрілерді ата-анасына айтып, дәмін татып көргісі келіп ішетін жағдайлар жиі орын алады екен. Бұл әрине, ең алдымен үйдегі ата-аналардың салғырттығынан, яғни дәрілерді кішкентай балалардың қолы жететін жерге қоя салуынан болады. Сондықтан кейіпкеріміз дәрілерді баланың қолы жетпейтін жерге сақтағанын жақсы көреді. Мұнан бөлек бөлімге жиі жол алатынан немесе оқис қағадан жарақат алғандар түседі. Түрлі диагнозбен қанша науқас түссе де, мұндағы білікті мамандар барлығына уақыт тауып, қажетті көмек көрсетуге дайын.

– Қателеспесем былтыр кешкі уақытта мен кезекшілікте болған күні бөлімге бір уақытта жол-апаратын ұшыраған 5 науқас түсті. Бірінің қолы, бірінің жамбасы сынып, үлкен жаракат алған. Дәрігерлер көлемін дегенше аға мейірбике екеуіміз науқастарға алғашқы көмек көрсеттік. Олардан бөлек басқа сырқат түрімен де бірнеше науқас түсті. Бір мезетте 20 науқасқа дейін қабылдап, барлығына үлгеріп, көмек көрсететін күндер жиі орын алады, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, ол уақытпен санаспай барлығына үлгеріп, 12 ай бойы дертіне шипа іздеген науқастарды сырқатынан сауықтырады. Ақмаралдың емделушілерге жауапкершілікпен қарайтынның «кешіріңіз, бөлімде жатқан науқастарға ем-шара жүргізетін уақытым болды» деп диалогты тоқтатуды сұрағанынан түсініп, мамандығына адалдығын аңғардық. Күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп, дерттің дер кезінде емін табуға бар білім-біліктілігі мен күш-жігерін салатын ақхалаттылардың қашан да еңбегі ерен.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Брифинг

9 адам медициналық көмекке жүгінген



Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова аудан әкімдігінің баспасөз орталығында Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруы бойынша соңғы 5 жылдағы эпидемиологиялық ахуалды баяндады. Сөзінше, 2020 жылы ауданда 39 кене шағумен және КҚҒҚ бойынша 2 күдікті жағдай тіркелген. Оның ішінде 2-еуінің диагнозы нақтыланған, 1 науқас қайтыс болған.

Спикер 2021 жылы 18 кене шағу жағдайы тіркелгенін айтады. Алайда КҚҒҚ бойынша күдікті болмаған. 3 жыл бұрын 136 кене шағу жағдайы есепке алынып, оның ішінде 10-ы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына күдікті жағдай болып тіркелген. Оның 4-еуі зертханалық жолмен расталған, диагноздары нақтыланып, науқастардың 2-еуі қайтыс болған.

2023 жылы ауданда 94 кене шағу жағдайы есепке алынған. Оның ішінде

2 науқас Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша күдікті болып тіркелген, бірақ зертханалық жолмен расталмаған.

Гүлзираш Айымбетова былтыр кененің адамдарға шабуылдауынан 133 адам медициналық көмекке жүгінгенін айтады. Яғни ауданда өткен жылы кененің адамдарға шабуылдауынан 133 адам медициналық көмекке жүгініп, 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 369-ды құраған.

Алғашқы тоқсанның аяқталғаны

кеше, алайда жыл басынан бері кененің адамдарға шабуылдауынан ауданда 9 адам медициналық көмекке жүгінген. Кене шағу бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 жағдайға төмендеген. Оның үстіне биыл КҚҒҚ бойынша 8 қолайсыз елді мекен тізімге алынған. Олардың қатарында Жалағаш кенті мен Ақсу, Бұқарбай батыр, Мақпалкөл, Аққыр, Мөрелі Шөменов, Қаракеткен, Далдабай елді мекендері бар.

Биыл ауданда бактериологиялық зертханаға 817 (елді мекеннен – 154, жануарлардан – 105, табиғаттан – 558) кене Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының вирус қоздырышына зерттелуге жіберілген. Қазіргі таңда Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы сенімді және тиімді вакцина жоқ. Сондықтан әрбір адам өзін қорғау үшін бірқатар ережені сақтауы керек.

– Жабысқан кенелерді анықтау үшін өзіне және бір-біріне жиі (әрбір 10-15 минут сайын) бақылау жүртүзу керек. Тікелей шепке отыруға және жатуға тағы болмайды. Табиғат аясынан оралғаннан кейін киімді және денені толықтай қарап шығу керек. Үй жануарларынан кенелерді жинаған кезде қолғап кию маңызды. Кенелерді жасқандыратын арнайы дәрі-дәрмек пайдалану керек. Денеден кенені байқаған кезде дереу емдеу мекемесіне жүгінген абзал. Кенені алып тастағаннан кейін 14 күн ішінде өз денсаулығын жіті бақылып, нашар сезінген жағдайда дәрігерге қаралу қажет. Осы қарапайым ережелерді орындай отырып, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын жұқтыру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады, – дейді ол.

Айта кетейік, былтыр аймақта 115 елді мекен қолайсыз деп танылған. Осыған орай бақылау жұмыстары 9 сәуірден басталды. Жалағаш ауданында залалсыздандыру жұмыстары 29 сәуірде басталды. Спикер «кенеден қауіп көп» дейді. Яғни біздегі климаттық жағдай осы кенелердің өмір сүруіне өте қолайлы. Әсіресе далалық аймақта жұмыс істейтін адамдар үшін ауру жұқтырып алу қаупі артады. Бұл ретте сақтық шараларын қатаң орындау маңызды.

Негізінен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы жедел трансмиссивті жұқпалы аурулар қатарына жатады. Екі

толқынды дене қызуының көтерілуімен, жалпы интоксикация және тромбге-

моррагиялық синдром белгілерімен сипатталады. Аурудың өршуі мамырдан

тамызға дейінгі кезеңде тіркеледі. Сондықтан көктем келсе де күтініп жүрген

дұрыс.

Айдана НАЗАРБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы
КУ-дың 4-курс студенті

Жүрек-қан тамыр аурулары – әлемдік мәселе

Жүрек-қан тамыр аурулары әлемнің дамыған елдерінде денсаулық сақтаудың басты проблемаларының біріне айналып отыр. Ол көбінесе ересек адамдарды мүгедектікке шалдықтырады, оның соңы өлімге әкеліп соқтырады. Жалпы өлім-жітімнің 52 пайызын жүрек-қан тамыры аурулары құрайды.

Еуропада жыл сайын осы аурудан шамамен 3 млн адам қайтыс болса, Ресейде 1 млн, ал Қазақстанда 80 мың кісі көз жұмады. Адамдардың өз денсаулығына көңіл бөлмеу, салауатты тамақтанбау және жағымсыз экология осы дертке алып келеді. Әсіресе соңғы жылдары инфаркт пен инсульттен болатын өлім-жітім тиім жиілеген. Себебіне үнілсек, адамдардың жүйке жүйесінің шаршауы, олардың дермәсіздікке ұшырап, депрессияға түсуі жатыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша бүгінде жүрек-қан тамыры ауруларының эпидемияға айналуы тамақтану құрамының өзгеруіне тікелей байланысты. Артық салмақ және семіздік, жүрек-қан тамыры ауруларының, қант диабеті және басқа да күрделі аурулардың қауіпті факторы болып табылады. Сондықтан адамдардың дұрыс тамақтану мәдениетінің маңызы зор.

Жүрек-қан тамыры ауруларын қоздыратын тағы бір себеп – стресс, торығу. Ол адамдарды жасына қарамай жүректің ишемиялық ауруы, гипертония, асқазан жарасы сияқты созылмалы ауруларға да ұшыратады.

Жүрек-қан тамыры ауруларына ерлер көп шалдығады. Мұндай тенденция 50-55 жасқа дейін, яғни әйелдердің жыныс гормондарының жұмысы бәсеңдеген тұсқа дейін сақталады. Алдын алуға болатын қауіпті факторлар холестериннің жоғары деңгейі, артерияльді гипертония, қант диабеті, семіздік, түрлі күйзелістер болып саналады.

Жүрек-қан тамыры ауруларының пайда болуына әкелетін тағы бір фактор – шылым шегу. Орта есеппен

болады. Жүректің, мидың қан тамырларының қысылуы инфаркт, инсульт сияқты ауыр жағдайға алып келуі мүмкін, жүректің ишемиялық ауруы, гипертония, асқазан жарасы сияқты созылмалы ауруларға да ұшыратады.

Жүрек-қан тамыры ауруларына ерлер көп шалдығады. Мұндай тенденция 50-55 жасқа дейін, яғни әйелдердің жыныс гормондарының жұмысы бәсеңдеген тұсқа дейін сақталады. Алдын алуға болатын қауіпті факторлар холестериннің жоғары деңгейі, артерияльді гипертония, қант диабеті, семіздік, түрлі күйзелістер болып саналады.

Жүрек-қан тамыры ауруларының пайда болуына әкелетін тағы бір фактор – шылым шегу. Орта есеппен

темекі шегу адам өмірін 7-10 жылға қысқартады. Темекі шекпейтіндерге қарағанда шөгетін адамдардың миокард инфарктіне шалдығуы 2 есе көп, ал осы аурудан қайтыс болатындар саны темекі шөгетіндер арасында 4 есе артық.

Бүгінгі таңда жүрек-қан тамыры ауруларының алдын алу үшін бірқатар маңызды дүниені есте сақтау керек. Ең алдымен темекіден, алкогольді ішімдіктерден бас тартқан дұрыс. Тиімді тамақтану ережелерін сақтау маңызды. Майлы тамақтардан бас тарту, тұзды пайдалану мөлшерін азайту (тәулігіне 4 грамм), құрамында калий мол (бұршақ, өрік, құрма,теңіз қырыққабаты) тамақтарды көп пайдалану, сарыуызды ба-рынша аз пайдалану керек. Көкөніс

пен жеміс-жидектерді барынша мол пайдаланған дұрыс. Қандағы холестерин, қант мөлшерін үнемі тексеріп, қадағалап отыру керек. Таза ауада көп серуендеп, спортпен шұғылдану, автомобиль мен лифтіті сирек қолданған абзал. Стреспен күресу, дене салмағын азайту маңызды.

Адам баласы екі нәрсенің қадірін білмейді. Бірі – денсаулық, енді бірі – уақыт. Ал екеуінің де қадірін білу – бақыт. Жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алу үшін тек өз организмніңізге жауапкершілікпен қарау керек.

Ақмарал БЕКИШАЕВА,
аудандық аурухананың
қабылдау бөлімінің
жоғары санатты мейіргері

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №593

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАҚБАЕВ